



Астана қаласы ТЖД 1-наурыздан бастап елордамызда «Кауіпсіз балалық шак» акциясы басталғандығын хабарлайды. Балалар - біздің болашағымыз. Алайда, көп жағдайларда біз балалардың өмірі бақытты және шаттыққа толы болуын, олардың басына ешқандай қауіп-қатер төнбеуін ойлаймыз ба?!

Окінішке орай, ересектердің барлығы бұны ескеріп жүрмейді. Жиі бақытсыздыққа ұшырататын жағдайлардың бірі – балалардың отпен ойнауы. Нәтижесінде орт денсаулыққа зиян келтіріп, материалдық шығынға ұшыратады. Кейбір кездері отпен ойнау соны қайғылы оқиғаларға әкеп соқтырып жатады.

Акция аясында елордалық ТЖД қызметкерлері балалар арасындағы қауіпсіздік бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жандандырды. Инженерлік-инспекторлық құраммен бірге

іс-шаралар жоспарланды.

Акция балалардын орт қауіпсіздігі ережелерін сақтауына бағытталған. Ойткені қайғылы оқиғалардын басым көпшілігі мереке күндері болып жатады. Дәл осы күндері ата-ананын қарауынсыз қалған балалар оқыс оқиғаға ұшырап, соны қайтымсыз жағдайларға әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты Астана қаласы ТЖД елорда тұрғындары мен қонақтарына орт қауіпсіздігі ережелерін қатан сақтауын, балаларды қараусыз қалдырмау қажеттігін ескертеді. Естеріңізде болсын, балалардын отпен ойнауына қарсы күрес – ол орттермен қарсы күрес болып табылмайды. Ол алдымен, балаларымыздын бақытты, шаттыққа толы және салауатты өмірі үшін күрес.

Астана қаласы ТЖД